Үлкендер жолы – ұлық!

АЛАТАУ Ардагері

alm_obl_ardager@mail.ru | Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті | №48 (161) 13 қараша 2026 жыл

● АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІМЕН БІРЛЕСКЕН ЖИЫН

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Тазалық мәдениетін қалыптастыру, заңға құрметпен қарау және қоғамдық тәртіпті сақтау-баршамызға ортақ міндет. Осы бағыттарда аға буынның өнегесі мен қоғамдық бірлестіктердің белсенділігі ерекше маңызға ие. Келешекте жергілікті билік пен құқық қорғау органдарының өкілдерімен және аға буын саналған ардагерлер ұйымымен бірлесіп жұмыс істеу жөнінде таяуда Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің мәжіліс залында өткен Алматы облысы Ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Сапарұлы Тұрымбетовпен болған кездесуде жан жақты әңгіме болды.

Еңбекшіқазақ ауданының әкімі Рүстем Маратұлы Исатаев кездесудің модераторы болып, жүргізіп отырған жиын жұмысына аудандық мәслихаттың бұрынғы төрағасы, аудан әкімінің орынбасарлары, аудандық басқармалар мен бөлімдердің басшылары, аудандық құқық қорғау органдарының өкілдері, қала



және ауылдық округ әкімдері, аудандық және ауылдық бастауыш ардагерлер кеңесінің мүшелері қатысты.

Кездесудің негізгі тақырыбы жоғарыда атап өткендей, «Таза Қазақстан», «Заң мен тәртіп» қағидаттарын іске асыру жергілікті атқарушы органдар мен қоғамдық бірлестіктердің ортақ мақсаттары мен міндеттері туралы болғаны анық.

Осы мәселе төңірегінде алғашқы сөз кезегі Алматы облысы Ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Сапарұлы Тұрымбетовке берілді.

- Бүгінгі таңда елімізде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы мен «Заң мен тәртіп» қағидатын орнықтыруға айрықша мән беріліп отыр.-деп бастады ол өз сөзін.-Бұл – қоршаған ортаны қорғау, туған жердің тазалығын сақтау, қоғамдық мәдениетті қалыптастыру және заңға құрметпен қарайтын жауапты қоғам құру жолындағы маңызды қадам. Өйткені тазалық пен тәртіп – өркениетті елдің айқын белгісі, ал заңға бағыну мен қоғамдық жауапкершілік – тұрақты дамудың берік негізі.

«Таза Қазақстан» бастамасы әрбір азаматты қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға, көшелер мен аулаларды таза ұстауға, табиғатты аялауға үндесе, «Заң мен тәртіп» қағидаты қоғамда әділдік пен жауапкершілікті нығайтуды көздейді. Бұл екі бағыттың да түпкі мақсаты ортақ: ел ішінде тазалық мәдениетін қалыптастырып, қоғамдық тәртіпті сақтайтын, заңды құрметтейтін және ортақ игілікке үлес қосатын саналы ұрпақ тәрбиелеу. Мұндай игілікті істердің нәтижелі болуы мемлекеттік органдардың ғана емес, әрбір азаматтың белсенділігі мен азаматтық ұстанымына да байланысты.

Осы дүниелерді қолға алуды ауылдық елді мекендердің көшелерінен бастаған дұрыс деп санаймын. Осы орайда жергілікті атқарушы органдар, құқық қорғау органдары мен аға буын өкілдері саналған ардагерлер тізе қосып, бірге жұмыс жасау керектігі-уақыт талап етіп отырған дүние. Ерболат Сапарұлы одан әрі көше тазалығын, көше мәдениетін ретке келтіру үшін қолға алынар істердің бағытын, жолдарын көрсетіп берді. Заң мен тәртіпті қадағалауда да қандай мәселелерге баса назар аудару қажеттіліктеріне кеңінен тоқталды.

Ерболат Сапарұлының көтерген мәселелерінің барлығы елді мекендердегі тәрбие жұмысына тікелей қатысты екені анықталды. Айтылған ұсыныстарды нақты іс-шаралармен ұштастырып, олардың орындалуына бірлесе атсалысу қажет-ақ.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша пікір алмасуға мінбеге көтерілген Еңбекшіқазақ аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мықыбаев Жұман Сембайұлы атқарылып жатқан жұмыстарға қысқаша тоқталып, алдағы бірлескен іс-шараларға қатысты нақты ұсыныстарын білдірді.

Бүгінгі кездесуде тазалық мәдениетін орнықтыру, заң мен тәртіпті сақтау жөнінде нақты ұсыныстар айтылды. Нақты ұсыныстармен қоса аудан әкімі Рүстем Маратұлы жергілікті атқарушы орган басшыларына нақты тапсырмалар беріп, олардың орындалуын өз бақылауына қалдыратынын баса айтты.

Осыған байланысты қала мен ауылдық округ әкімдері ардагерлер кеңестерімен және қоғамдық бірлестіктермен бірлесіп, «Таза Қазақсан» аясындағы жұмыстарға түрғындарды тарту, абаттандырылған аумақтарды күтіп ұстауға және қоғамдық орындардағы тазалықты сақтауға көңіл бөлу керектігі айтылды.

Ішкі саясат бөліміне тиісті мемлекеттік органдармен және қоғамдық бірлестіктермен бірлесіп, «Заң мен тәртіп» қағидатын түсіндіру, құқықтық мәдениетті арттыру және құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытындағы жұмыстарды үйлестіру міндеттелінді.

Аудан әкімі аппаратына кездесуде айтылған ұсыныстарды жинақтап, хаттамаға енгізу, сол сияқты тапсырмалар бойынша жауапты орындаушылар мен орындалу мерзімдері белгіленіп, бақылауға алу жүктелді.

Аудандық ардагерлер кеңесіне жергілікті кеңестермен байланысты нығайтып, нәтижелі тәжірибелерді аудан көлемінде тарату ұсынылды.

Осы іс-шаралар жаңадан ойлап табылған дүние еместігі, бұрындары бұл дүниелер практикада болғанын, алайда ұмытылып бара жатқаны, соны қайта қолға алып, жандандыру қажеттігі кездесу барысында сөз болды. Осы істі Еңбекшіқазақ ауданынан бастауды мақсат еткенін Ерболат Сапарұлы сөз соңында тағы да айтып өтті.

Алда осы бағытта қыруар жұмыстар күтіп тұрғаны белгілі. Олардың қатарында көшелерді анықтау, көше басшыларын сайлау, олардың ары қарай сайланған көше белсенділерінің көше жүртшылығымен жұмыс істеуі тұрғаны анық.

Жаңа бастаманың өміршең екендігіне, бірлік болса, оның орындалатынына көз жеткізген жиынға қатысқандар пилоттық жобадағы жаңа іске ақ жол тілеп қайтқаны анық. Осы бастама жүзеге асса, оның тәжірибесін облыс көлеміне насихаттау ісі де алыс емес сияқты.

СИҚЫМБЕКТІҢ, Алтынбайы.
Есік қаласы. Еңбекшіқазақ ауданы.

● ЕСЕП БЕРУ ЖИНАЛЫСЫ

Мақсаттары бір, жауапкершіліктері ортақ

Бүгінгі таңда ардагерлер ұйымдары ықпалды күш ретінде еліміздің саяси-қоғамдық өмірінің ортасынан лайықты орын алып отыр. Алматы облысының қалалық, аудандық және ауылдық ардагерлер ұйымдарында ұйымдастырып өткізіп жатқан игілікті істері аз емес. Соның бірі өткен аптада 2026 жылы атқарған жұмыстарының қорытындысы мен 2027 жылы алға қойған міндеттері туралы Қонаев қалалық, Қарасай, Еңбекшіқазақ, Іле, Шонжы аудандық және ауылдық ардагерлердің бастауыш ұйымдарында өткен есеп беру жиналыстарында ардагерлердің мақсаттары бір-жауапкершіліктері ортақ екендіктерін анық байқатты.

ҚОНАЕВ ҚАЛАЛЫҚ кітапханасында қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Базарбай Оралбаев есепті мерзім ішінде атқарылған шараларды, баяндай келіп, зейнеткерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту мәселелері төңірегінде келелі әңгімесімен бөлісті.

.-Қаламызда жүзеге асырылып жатқан жұмыстарға қатысты ардагерлер атынан қала әкімі Асхат Бердіхановқа бірқатар ұсыныстар мен өтініш хаттар жолдадық. Солардың қатарында Қонаев қаласында ардагерлерге арналған арнайы Ардагерлер үйін салу, 70 жастан асқан азаматтарға қоғамдық көлікте жеңілдік қарастыру, жыл сайын кемінде 10 ардагерді демалыс орындарына жіберу, ардагерлерге тұрмыстық-әлеуметтік қолдау көрсету және жеңілдіктер қарастырылатын азаматтардың тізімін ұсыну. мәселелері бар. Бұл ұсыныстардың барлығы ардагерлердің тұрмыс жағдайын жақсартуға, денсаулығын нығайтуға және қоғамдағы белсенділігін арттыруға бағытталып отыр.



Тағы бір ерекше атап өтетін жұмысымыз-қаладағы №2 мектеп-гимназиясының алдына осы мектептен Ұлы Отан соғысына аттанған жауынгерлерге арналған ескерткіштің орнатылуы. Бұл-өскелең ұрпаққа өткен тарихымызды танытып, ел үшін жанын қиған азаматтардың ерлігін ұмытпауға бағытталған игілікті іс. Осы ескерткіштің орнатылуына өз үлестерін қосып, қолдау көрсеткен ардагерлеріміз Абдымырза Сәтбаев пен Сергей Белоусовтың есімдерін ілтипатпен атай кетуді жөн көріп отырмын.

Атқарып жатқан іс-шарамыздың барлығы-сіздердің белсенділіктеріңіз бен бірліктеріңіздің нәтижесі. Әрбір ұсыныс, әрбір бастама қаламыздың дамуына және ардагерлердің жағдайын жақсартуға бағытталған, -деді өзінің сөзінде.

(Жалғасы 2-бетте)

АПТА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

«Ақ Әжелер» ансамбліне - 40 жыл

Алматы облысы Жамбыл аудандық мәдениет үйінде 16-қазанында Күміс Пармашқызы атындағы «Ақ әжелер» халықтық фольклорлық-этнографиялық ансамблінің құрылғанына 40 жыл толуына орай «Өмірлері өнермен өрілген аналар» атты мерекелік шара өтті.

40 жыл бойы қазақтың әні мен жырын жүрегіне сақтаған әжелер көрерменге ерекше көңіл күй сыйлап, өткен мен бүгінді жалғап келеді. Әжелер ансамблі-ұлттық өнеріміздің ұлықтап, салт-дәстүрімізді дәріптеуден еш жалыққан емес. Сондықтан да төрт онжылдық бойы ұлттық өнеріміздің шырағын сөндірмей, халқымыздың салт-дәстүрі мен рухани құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келе жатқан өнер ұжымының мерейтойы аудан жұртшылығы үшін ерекше мәдени оқиға болды.

Бұл күні әжелердің атына ақ ниеттер, ыстық ықыластар айтылып, оларға ерекше құрмет көрсетілді. Зейнет жасындағы өнерпаз аналарымыздың жарасымды киімі, әсем дауыстары, сахнадағы шынайы ықыласы мен ұйымшылдығы көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Салтанатты шараға қатысқан Жамбыл ауданының әкімі Нұрлан Ертас ансамбль мүшелерін мерейлі белесімен құттықтады.

Өз тілшіміз.

Жыл сараланды

2026 жылғы 21 қазанда әкімшіліктің мәжіліс залында Боролдай кенті мен А. Тоқпанов бастауыш ардагерлер ұйымдарының жылдық қорытынды есеп беру жиындары өтті. Жиынға Іле ауданы ардагерлер ұйымының төрағасы Әмзе Исаев, бастауыш ардагерлер ұйымдарының мүшелері мен ауыл белсенділері қатысты.

Кездесу барысында Боролдай кентінің бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Нұрлан Амангелдіұлы мен А. Тоқпанов округінің бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Мәлс Ділдебайұлы жыл бойы атқарылған жұмыстарға тоқталып, ұйым қызметінің нәтижелері мен алдағы міндеттері жөнінде есеп берді. Іле ауданы ардагерлер ұйымының төрағасы Әмзе Әлдибекұлы аудан көлеміндегі бастауыш ардагерлер ұйымдарының жұмысымен танысып, алдағы жоспарларымен бөлісті.

Ол өз сөзінде ардагерлер ұйымдарының қоғамдық өмірдегі маңызды рөлін атап өтіп, жұмысты жүйелі жүргізу мен аға буынның өнегесін жас ұрпаққа насихаттаудың маңыздылығына тоқталды. Сонымен қатар 2027 жылға арналған баспасөзге жазылу науқанының басталуына орай мерзімді басылымдарға жазылудың маңызын түсіндіріп, қатысушыларды науқанға белсенді атсалысуға шақырды.

Іле ауданы ардагерлер кеңесі.

Ұлттық құндылық-ұрпаққа аманат

20 қазан күні Қарасай ауданы Әйтей ауылдық округінің Ардагерлер төрағасы Шәріпқұл Амангелді, «Асыл ана» бірлестігі төрайымы Сатыбалды Әлия және Б.Қосынов атындағы орта мектеп директоры Айман Төлепбергенқызының ұйымдастыруымен халқымыздың асыл мұрасын ұлықтап, ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық дәстүрлердің маңызын дәріптеуге арналған «Дәстүрім – асыл қазынам» атты мерекелік-танымдық кеш өтті.

Кештің негізгі тақырыбы – «Бесікке салу – ұлттық тәрбие бастауы». Қазақ халқы үшін бесік – жай ғана сәби жататын орын емес, ол – ұрпақ сабақтастығының, отбасы берекесінің, ұлттық тәрбиенің бастауы. Бесік жырымен тербелген бала бойына ананың мейірімі мен халқымыздың рухани құндылықтары сіңеді.

Ұлттық салт-дәстүрімізді жаңғыртып, ата-баба аманатын жас ұрпақтың бойына сіңіру – баршамызға ортақ міндет. Өйткені дәстүрін дәріптеген елдің рухы биік, тамыры терең, болашағы баянды!

Қарасай аудандық ардагерлер кеңесі.

БАСПАСӨЗ-2027

Құрметті Оқырман!

Республика ардагерлерінің тыныс-тіршілігін, жас ұрпақты отансүйгіштікке, елжандылыққа,имандылық пен ибалыққа тәрбиелеу бағытындағы жүзеге асырған іс-шараларын баспасөз бетінде кеңінен насихаттайтын «Алатау ардагері» газетіне жазылу басталды. Ардагерлердің төл басылымына қолдау көрсетеміз десеңіздер «Алатау ардагері» газетіне жазылыңыз!

Бір айға жазылу бағасы
ауыл тұрғындары үшін **717,52 теңге**
қала тұрғындары үшін **743,04 теңге**

Алты айға жазылу бағасы -
ауыл тұрғындары үшін **3585,76 теңге**
қала тұрғындары үшін **3716,02 теңге**

Индексі- **65472**

● ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері"атты 28 қазандағы Қазақстан халқына дәстүрлі жолдауының тарихи маңызы ерекше болды. Себебі, жолдау биыл қасиетті Тәуелсіздігімізге 35 жыл толатын кезде жарияланып отыр.

Тарихи маңызы айрықша

Жолдауда тәуелсіздікке жол ашқан 1990 жылы 25 қазанда қабылданған «Қазақ КСР мемлекеттік Егемендігі туралы декларация» мен Республика күні мерекесінің маңыздылығына тоқталды. Биылғы 2026 жылы 15 наурызда қабылданып, 1 шілдеден бастап күшіне енген, 11 бөлім, 95 баптан тұратын жаңа Коституциямыздың да тарихи мәні зор болғандығын атап өтті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жолдауда: «Тәуелсіздігіміз бен егемендігімізді қорғауға қатысты барлық мәселе әлі толықтай шешімін тапқан жоқ. Алдымызда көптеген өзекті міндет тұр» дей келе жаһандық сын-қатерлер әлдеқайда қауіпті сипат алған кезде қоғамымызда талап пен тәртіпке басымдық беріп, қоғам тату болуы қажеттігін айтты. Халықаралық ахуалға күрделі, болжамсыз деп баға беріп, Қазақстан ел дамуының жаңа дәуіріне үлкен сеніммен қадам басып, кең ауқымды саяси реформаны іске асырғанымызды атап өтті. Қазіргі буын өкілдері, яғни біздер келе жатқан жас ұрпақтарға жоспарлар мен тұжырымдар емес, экономикасы қуатты және қарқынды, жоғары технологиялары дамыған, білім мен ғылымға негізделген, заңды мойындайтын, жасампаз әрі озық, геосаяси тұрғыдан күші мен ықпалы бар Қазақстанды қалдыруымыз керектігін айтты.

Бұл – ұлтымыздың алдында тұрған нағыз стратегиялық міндет. Жастарымыздың білімділігін де атап өтті. Қоғамда оқу-ағарту саласындағы реформалар болып жатқанын айта келе, әр өзгеріс мұғалімнің жұмысын жеңілдетуге, оның қызметіндегі артық жүктемені азайтуға бағытталуы керек болса да, іс жүзінде бұл міндет толық орындалмай жатыр делінген. Президент Жолдауы бойынша қазіргі халықаралық жағдайда жаңа тарихи дәуірге қадам басу жаңа сын қатерлер тудырып, бұлыңғыр заман болып тұрғанын айта келе, БҰҰ қызметі дағдарыста болғанына қарамастан Қазақстанда саяси реформаларды жүзеге асырып, біршама жетістіктерге қол жеткізгенімізді атап өтті. Азаматтық Кодекс жаңадан қабылданатынын, Салық Кодексіне өзгеріс енгізілетінін атап өтті. Халықаралық валюта қоры ұсынған болжамға сәйкес, биыл еліміздің жалпы ішкі өнімі 400 миллиард долларға жуықтайды. Оның жан басына шаққандағы үлесі 19 мың доллардан асатын болды. Еліміз экономикасының көлемі жағынан әлемде 47 орынға көтеріледі. Алатау қаласын дамыту, атом электр станциясын салу, жасанды интеллекті дамыту сияқты мәселелер де айтылды. Өте ауқымды «Халықтық құрылыс» бағдарламасы жүзеге асырылады, ол азаматтардың әл-ауқатын арттыратын, кәсіпкерліктің өркендеуіне, дамуына, ұлттық экономиканы жандандыруға зор ықпал ететін төл тарихымыздағы ең үлкен инфрақұрылымдық жоба басталатынын айтты.

Жолдауда білім беру мәселесі бойынша мектептегі қазіргі жағдайларда оқушылардың мұғалімдерге дөрекі сөз айтулары, кей жерлерде қол көтеруі сияқты мәселелер де әкімшілік тек мұғалімді ғана кіналамай, бұл іске мектеп әкімшілігі, ата-ана, оқушы, мұғалім, барлығының да жауапкершілігі болу керектігін, мұғалім беделі, абыройын қорғау керектігі айтылды. Сондай-ақ, мұғалімдерді қағазбастылықтан арылтамыз деп едік, енді әртүрлі цифрлық платформалар есебіне байланып отырған жағдайымызды да өзгерту керек деді. Ауыл мен қала, аймақ күшейсе, мемлекет те нығаятынын айта келе, инклюзивті білім беру, ерекше балалар мәселесіне тоқталды. Әлеуметтік жәрдемақы төлемдер бойынша мемлекеттік көмек шын мұқтаж адамдарға ғана берілуге тиіс делінген. Мемлекетімізде халық тату болса, білімге ұмтылса, енжар болмай, ширақ қимылдаса, барлық қоғамның салаларына ғылыми, мақсатты түрде жоспарлар құра отырып әрекет етсек қана берекелі қоғам құратынымызға сенім білдірді. Жолдау мемлекетіміздің саяси реформалары мен ішкі және сыртқы саясатының дұрыс жүргізіліп жатқанына халықтың сенімін арттырды және еңбекке, білімге, әдепке, өзара сыйластық пен халықтың бірлігін нығайтуға ұмтылғанда ғана тәуелсіздігіміз баянды болатындығына көзімізді жеткізді.

Шынар ЖАЙСЕМБАЕВА,
№12 орта мектеп директоры.

● ЕСЕП БЕРУ ЖИНАЛЫСЫ

Мақсаттары бір, жауапкершіліктері ортақ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Қалалық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мира Сейітқазиева мен қалалық «Алатау жастары» ұйымының төрағасы Мұхаммед Хамит есеп беріп, келер жылғы жоспарларын таныстырды. Жарыссөзге шыққан ардагерлер Тұрысбек Доспанбетов Іле өзенінің жағалауындағы құм-тас карьерлеріндегі экологиялық ахуал төңірегіндегі кемшіліктерді атап өтсе, Бейсетай Қашақбаев Қоскұдық ауылындағы мәдениет үйінің жұмыстарын жандандыру жайлы ұсынысын білдірді. Ақөзек ауылының ардагері Жұмахан Майлыханов облыс орталығы базарларындағы халыққа ең қажетті деген 10 азық-түлік бағаларын тұрақтандыру күн тәртібіне сұранып тұрғандығын білдірді. Шеңгелді ауылының ардагері Қартбаба Момбеков Белсенді өмір сүру орталығының жұмыстарының қажеттілігіне тоқталып өтті.

Жиын барысында Базарбай Бүркітбайұлы «Алатау жастары» қалалық жастар ұйымының төрағасы Мұхаммед Хамиттің «Ауыл» партиясы тарапынан Алматы облыстық мәслихат депутаттығына үміткер болып ұсынылғанын айта келіп, сайлау барысында ынталы жасқа ардагерлердің тарапынан қолдау қажеттігін білдірді. Сонымен бірге облыстық «Алатау ардагері» газетіне жазылу мәселесін бастауыш ұйым жетекшілерінің есіне салып, баспасөз науқанына біркісідей атсалысуға шақырды.



ҚАРАСАЙ АУДАНДЫҚ ардагерлер ұйымының төрағасы Сағат Мәсімақынов есеп беру жиынында бүгінгі таңда ардагерлерге жан-жақты қолдау көрсету бағытында жүйелі жұмыстар жергілікті атқарушы органдар тарапынан олардың өмір сапасын арттыруға, қоғам өміріне белсенді араласуына жағдай жасалып отырғандығын назарға алып, бұл жұмыстардың алдағы уақытта да өз жалғасын тауып, аға буынға лайықты құрмет пен қамқорлық көрсетіле беретіндігіне назар аударды.

«Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы У.Бархинова баяндамасында барлық бастауыш аналар ұйымдары мектеп педагогикалық ұжымдарымен бірге қыз ұзату, тілашар, тұсау кесу, баланы бесікке салу, тағы басқа ұлттық салт-дәстүрлерін жастарға ұрпаққа үйретіп жатқандығын тіліне тиек ете сөйледі.

Жарыс сөзге шыққан Іргелі ауылдық округі ардагерлер ұйымының төрағасы Е.Егеубеков ұйымға мүшелікке қабылданған зейнет жасындағыларды есепке алу, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, олардың құқықтарын қорғау, ел ішінде ынтымақ пен тұрақтылықты сақтау жайлы айта келіп, «Іскерлік және жанашырлық» бағдарламасы бойынша тұрмыс жағдайлары төмен ардагерлерге отын-сумен көмектесіп отыратындықтарына тоқталды.

Елтай ауылдық округі ардагерлер ұйымының төрағасы Есенгелді Салибеков ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында Көкөзек мектебінде. «Салтпен сырласқан-сырлы ғұмыр» атты іс-шараға ауыл тұрғындары, мектеп ұжымы, жоғары сынып оқушылары мен әжелердің белсенді қатысқанын және Көкөзекте қыстың күні екі отбасы тұратын үйдің өртенуіне байланысты аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сағат Ұлтарақұлының бастамасымен ел болып, қаржы жинап көмек көмек көрсеткендерін айтып өтті.

Қаскелең қалалық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әлия Бабаева жаңадан жұмысқа араласқандықтан аудандық «Асыл ана» ұйымының төрағасы Ұлтай Амангелдіқызының аналар ұйымын құруда көрсеткен көмегін алдыға тарта сөйледі. «Ұрпақтар сабақтастығы» бағдарламасы аясында «Дәстүрім діңгегім - ұрпағым тірегім» атты іс-шараны жоғары деңгейде өткенін сөз етті.

Аудандық ардагерлер ұйымының құрметті президиум мүшесі Елтай Хамзаұлы Қыдыралиев, Едіген Жүнісбеков сынды ардагерлер ұйымының төрағалармен бірге көп жылдар бойы қызметтес болғанын әңгімелей келе, Сағат Ұлтарақұлының өз жұмысын өте жақсы білетіндігін және зейнеткерлікке шыққан еңбек ардагерлерінмен ұмытпай хабарласып, көмегін беріп тұратындығын атап өтті. Зейнеткер бұрынғы ардагерлер ұйымының төрағалары Калида Қосшығұлова, Елтай Хасенов, Базаргелді Анисов, Гүлжан Супиевалардың еңбектерін елеп-ескеріп, «Алматы облысының Құрметті ардагері» атағымен марапатталуына қолдау білдіргеніне ризашылығын жеткізді.

ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ кітапханада аудандық ардагерлер кеңесінің 2026 жылғы есептік кездесуі ұйымдастырылды. Алқалы жиынға «Алматы облыстық жергілікті агроөнеркәсіп кешені және мемлекеттік мекемелер қызметкерлері кәсіподақтар одағы» ҚБ Жамбыл филиалының төрағасы Әскербек Көкеұлы Абаев, Жамбыл аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Айткүл Жұмағалиқызы Медеуова, Қоғамдық кеңес төрағасы Бағдат Байшалұлы Алиев, «Асыл ана» ұйымының төрайымы Гүлзира Нуриқызы Станқұлова, Жамбыл ауданының 24 ауылдық округінің әкімдері мен Ардагерлер кеңестерінің төрағалары мен төрайымдары қатысты.

Аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Ескелді Қасымов жылдық жоспардан бөлек, Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан және адал азамат» реформаларын жүзеге асыру аясында ардагерлер қауымдастығының қосатын үлесі ретінде «Ұрпақтар сабақтастығы және құндылықтар» атты 7 негізгі бағыт назарға алынып, осы бағыттар бойынша алдағы уақытта да өскелең ұрпақпен, болашақ жастармен тұрақты әрі нәтижелі жұмыстар атқарыла беретіндігін әңгімесіне арқау ете сөйледі. Жиын соңында жыл бойы белсенділік танытып, қоғамдық-саяси өмірге елеулі үлес қосқан ардагерлер Алғыс хаттармен марапатталды.

ШОНЖЫ АУЫЛДЫҚ округінің ғимаратында Үйғыр аудандық ардагерлер ұйымының қорытынды жиыны болып өтті. Жиынға аудан орталығындағы 5 орта мектеп пен 7 мекеме, 1 колледждің жанындағы бастауыш ардагерлер ұйымдарының төрағалары, Шонжы ауылдық округі әкімшілігінің әкімі мен мамандары, аудандық ардагерлер және «Асыл ана» қоғамдық ұйымдарының алқа мүшелері, Шонжы ауылдық округінің жігітбасылары мен белсенді зейнеткерлер қатысты.

Аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Е.Нұрсейтов 2026 жылы аудандық филиалда атқарған жұмыстарын саралай келіп, «Алатау ардагері» газетіне 2027 жылға жазылу басты назарда болатынын еске салды. Жиын барысында Шонжы ауылдық округі әкімдігінің жанындағы бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы С.Қасымов, Шонжы ауылдық округінің әкімі М.Амангелді, ауданның құрметті азаматтары Н.Дауренбеков, Т.Рахмаев, А.Имиров, аудандық «Асыл ана» қоғамдық ұйымының төрағасы Н.Байсеркеевалар күн тәртібіндегі мәселелер бойынша пікірлерімен бөлісіп, «Алатау ардагері» газетіне бәріміз біркісідей атсалысайық» деген ойларын айтты. Жиналыс барысында қойылған сұрақтарға кеңес төрағасы Е.Нұрсейтов пен Шонжы ауылдық округінің әкімі М.Амангелді жауабын берді.

Байсерке ауылдық округі әкімдігінің мәжіліс залында бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Камит Ерсұлтанұлы Абдиннің жылдық жұмыстарының қорытынды есебі тыңдалды. Жиынға Іле ауданының ардагерлер ұйымының төрағасы Әмзе Әлдибекұлы Исаев, ауыл әкімі Мұрат Бақытжанұлы, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Қапипа Әділжанқызы және ауыл белсенділері қатысты.

Жиын барысында ардагерлер ұйымының атқарған жұмыстары сараланып, алдағы кезеңнің міндеттері талқыланды. Іле ауданының ардагерлер ұйымының төрағасы Әмзе Исаев ардагерлердің қоғамдық өмірдегі белсенділігін атап өтіп, олардың ұрпақ тәрбиесі мен ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі рөліне тоқталды. Ауыл әкімі мен ауыл белсенділері де өз ой-пікірлерін білдіріп, ұйым жұмысына оң бағасын беріп, алдағы міндеттер жөнінде ұсыныстарын ортаға салды.

Жиын соңында 2027 жылға баспасөзге жазылу науқанының маңыздылығы сөз болды. Әмзе Әлдибекұлы мерзімді басылымдарға жазылу ел жаңалықтарынан хабардар болудың рухани байланысты нығайтудың маңызды жолы екенін атап өтіп, осы бағыттағы жұмысты жүйелі жүргізуге шақырды.

Жиын соңында Байсерке ауылдық округі ардагерлер ұйымының мүшесі Құрманғали Әбейбеков ақ батасын беріп игі тілегін жеткізді.

Іле аудандық мәдениет үйінде Өтеген батыр ауылы бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Зухра Садыққызының жылдық қорытынды есеп беру жиыны өтті. Жиынға Іле ауданы «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Бағдат Бейсенбекқызы ардагерлер ұйымының мүшелері мен ауылдық округтердегі «Асыл ана» бірлестігінің төрайымдары қатысты.

Жиында Зухра Садыққызы жыл көлемінде атқарылған жұмыстарға тоқталып, алдағы міндеттерді баяндады. Бағдат Бейсенбекқызы 2027 жылға арналған баспасөзге жазылу науқанының маңыздылығына тоқталып, ардагерлер мен аналар ұйымдары мүшелерін басылымдарға жазылуға белсенді атсалысуға шақырды.

Жиынның соңында күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша қаулы қабылданып, ардагерлердің мұң-мұқтажын жоғары жаққа жеткізу, жастарға рухани-адамгершілік, патриоттық тәрбие беру бағытындағы істерді жандандыра түсу қажеттігіне баса көңіл бөлінді.

Еңбекшіқазақ ауданы Қызылжар ауылының Көктөбе ауылдық округі әкімдігінің ғимаратында ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Смадыловтың 2026 жылы атқарған жұмыстар туралы есебі тыңдалды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша кеңес төрағасы ауылдық округ аумағында ауылішілік және киреберіс автомобиль жолдарын жөндеу, апатты жағдайдағы көпірді қалпына келтіру, су өткізу құрылыстарын жөндеу, көшелерді жарықтандыру, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарына тоқталды. Сонымен қатар, су тасқынының алдын алу, ауыл шаруашылығын дамыту, жер ресурстарын тиімді пайдалану, кәсіпкерлік нысандарын ашу және инвестиция тарту бағытында атқарылған жұмыстарды баяндады.

Бұдан бөлек, әлеуметтік қолдау көрсету, туризмді дамыту, қоғамдық тәртіпті сақтау және құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүзеге асырылған жұмыстар туралы ақпарат берді. Есеп беру барысында ауыл тұрғындары Көктөбе және округке қарасты елді мекендерді ауызсумен қамтамасыз ету, судың сапасы мен қысымын жақсарту, ауылдағы стадион мен мектептердің спорт алаңдарының жағдайы, ауылішілік жолдарды жөндеу және абаттандыру, пайдаланылмай тұрған ғимараттарды тиімді пайдалану мәселелерін көтерді. Сонымен бірге ветеринариялық қызмет көрсету сапасына қатысты ұсыныстар айтылып, кітапханаға арнайы ғимарат немесе үй-жай бөлу қажеттігі сөз болды. Сондай-ақ, ғимараттардың біріне күрделі жөндеу жүргізу және су сорғысын орнату мәселесі көтерілді. Ауыл тұрғындарының ұсыныс-пікірлері мен өтініштері назар алынып, оларды шешу жолдарын қарастыру қажеттілігі жөнінде қаулы қабылданды.

Заңғар АЛТАЙ.

● ЖАҚСЫ АДАМДАР ЖАНЫМЫЗДА

АЗАМАТТЫҢ АБЫРОЙЫ – ЕЛГЕ СІҢГЕН ЕҢБЕГІНДЕ

Әр қоғамның дамуы оның белсенді азаматтарына байланысты. Ел үшін еңбек ету, жұртқа көмектесу, айналасына жақсылық жасау үлкен жүректілік пен жауапкершілікті, адамгершілікті талап етеді. Кейбір адамдар өз еңбегін, елге жасаған жақсылықтарын жария етпейді. Бірақ олардың жасаған игі істері қоғам өмірінде үлкен өзгеріс әкеледі. Сол секілді ел игілігі үшін еңбек етіп жүрген азаматтың бірі Байболатов Ержан Мекенбайұлы.

Жалпы қазіргі бұл қоғамда мейірімділік, бір-біріне деген қайырымдылық азайып бара жатқандай көрінеді маған. Кеше ғана қызметке отырған жастардың ертесіне танымай, бастарын кекжитіп, мұрындарын шүйіріп шыға келетін әдеттеріне қарап, таң қаламын. Маған, өз басыма адамның қызметі, атағы-беделі емес, олардың қарапайымдылығы, адамгершілігі, адамды адам ретінде, дос-жолдас ретінде қабылдайтыны ұнайды. Мен білетін Ержан Мекенбайұлы сондай жан. Білікті, білімді, кез келген адаммен сөйлесіп, тіл табысып кететіні жақсы ортадан шыққанын көрсетіп тұрады. Адамгершілігі мол, парасатты, сөзі мен ісі үйлескен, жауапкершілігі жоғары азамат. Халықтың мұң-мұқтажын түсініп, ел мүддесін жоғары қоятын тұлға. Әділдікті ту еткен, ұстанымы берік азамат. Қарапайымдылық пен кішіпейілділікті қатты қадірлейтін мен үшін де, ел үшін де осы жігіттің сыйы бөлек. Үстіндегі аппақ ақ көйлегіндей жүрегі де тап-таза жігіт. Халықпен етене араласып, әрбір азаматтың пікіріне құрметпен қарайды. Жоқ-жітікті тыңдай біледі, көмек қолын да аямайды. Елдің дамуына үлес қосуды азаматтық парызы санайды. Қайда қызмет істесе де биліктен гөрі халық мүддесін бірінші кезекке қойды. Негізгі ұстанымы – ел сенімін ақтау, халықтың үнін есту, олардың мүмкіндігінше мүддесін қорғау және нақты мақсатқа бағытталған жұмыс жүргізу, ел игілігі жолында адал қызмет ету.

Оның азаматтық болмысы, елге деген жанашырлығы, іскерлігі, адамгершілігі мені қатты таңқалдырып келеді.

Газ – қала тіршілігінің маңызды күретамыры. Әр шаңырақтың жылуы, әр отбасының жайлылығы осы саланың үздіксіз жұмысына байланысты. Осындай жауапкершілігі мол салада басшылық қызмет атқарып жүрген Ержан Мекенбайұлының кәсіби қызметі мен қоғамдық өмірге араласуы айтуға тұрарлық. Оның қарапайымдылығы, іскерлігі, ел мәселесін бейжай қарамауы – нағыз ел сенім артқан азаматқа тән қасиет.

Адамның азаматтық болмысы оның атқарған қызметімен ғана емес, айналасына жасаған жақсылығымен, елге деген жанашырлығымен, халық алдындағы жауапкершілігімен өлшенеді. Қай ортада жүрсе де қарапайым қалпынан айнымай, іскерлігімен танылып, көпшілікпен тіл табыса білетін жандар болады. Байболатов Ержан Мекенбайұлы – осындай азаматтық қасиеттерімен сипатталатын тұлғалардың бірі.

Байболатов Ержан Мекенбайұлы 2008 жылы Оңтүстік Қазақстан экономика және статистика колледжін «Экономист. Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша тәмамдады.

2012 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Экономика» бағыты бойынша «Бухгалтерлік есеп» мамандығын бакалавр дәрежесімен аяқтады.

Жиырма жыл құрылыс саласында басшылық қызметтер атқарды.

2024 жылдан бастап «Қапшағай өңірлік газ желілері» ЖШС Бас директорының орынбасары қызметін атқарып келеді.

Қонаев қаласында газ саласына жетекшілік ету – үлкен жауапкершілік жүктейтін қызмет. Басшылық қызметтегі басты тәжірибесі ұжымды «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарардай» ортақ мақсатқа жұмылдырып, әлеуметтік маңызы бар мәселерді шешуге бағыттап келеді. Өйткені газ – қала тіршілігінің күретамыры, әр шаңырақтың жылуы мен жайлылығының кепілі. Бұл салада басшылық жасау тек ұйымдастырушылық қабілетті ғана емес, табандылықты, талапшылдықты, ел алдындағы жауапкершілікті де қажет етеді.

Ержан Мекенбайұлының бойындағы іскерлік пен қарапайымдылықтың қатар жүруі, адамдармен ортақ тіл табыса білуі, ел ішіндегі мәселелерге бейжай қарамауы – оның азаматтық қырын танытатын қасиеттер.

Қалалық мәслихаттың депутаттығына ұсынылуы да оның қызметі мен қоғамдық жауапкершілігіне қатысты назар аудартып отыр. Депутаттық қызмет – атақ немесе мәртебе ғана емес, халықтың мұң-мұқтажын тыңдап, қала өміріндегі өзекті мәселелерді талқылауға қатысатын үлкен қоғамдық міндет.

Қонаев қаласының өркендеуі, тұрғындардың тұрмыс сапасы, инфрақұрылымның дамуы, халыққа қолайлы орта қалыптастыру – қала өміріндегі маңызды тақырыптар. Осындай мәселелерді ашық талқылау, тұрғындардың ұсыныстары мен пікірлеріне құлақ асу – жергілікті өкілді орган жұмысының мәні.

Азаматтың қадірі – лауазымында емес, елге деген ықыласында. Ал елдің сенімі нақты іспен, ашық қарым-қатынаспен және жауапкершілікпен қалыптасады. Оның кәсіби қызметі мен қоғамдық жолы алдағы уақытта да Қонаев қаласының тыныс-тіршілігі аясында бағамдалатын болады. Ержан Мекенбайұлының ел игілігі жолындағы еңбегі жана берсін!

***

Газдың сары трубаларын көрсем, өткен өмірім, бала кездерім, арқасына қап салып арқалап отын әкелетін анам, жалпы сол кездегі ауыл әйелдері көз алдыма келе қалады. Газ жағып, шалқып отырған біздің кезімізге неге өмірлері сәйкес келмеді екен деп ойлайсың.

«Шаңырақтың шаттығы» деген өлеңімді де сол үшін жазған шығармын.

ШАҢЫРАҚТЫҢ ШЫРАҒЫ

Газсыз күн жоқ, шаңырақтың шырағы!
Отбасында от бірінші тұрады.
Ешқашанда ошағымыз өшпесін,
Қаламыздың таусылмасын бұлағы.

Әрбір үйге шуақ болып кіреді,
Әр шақыраққа не керегін біледі.
Оты да осы, жылуы да газбенен,
Адамдармен бірге өмір сүреді.

Көше бойы ұзын сары тұрбалар,
Сол тұрбамен жылжып аққан жылғалар.
Сарқылмасын,
Лаулап тұрса отымыз,
Сәбилердің пәк жанары нұрланар!

Әр пәтерге жылу болып кіреді,
Қиналмай ел оңай өмір сүреді.
Көмір, тезек, күл-қоқысын қоқсытпай,
Жып-жылы боп үйіңізде жүреді.
Газсыз өмір - өмір емес бүгінде,
Газ дегенің - адамдардың жүрегі!

Алтыншаш ЖАҚИЯНОВА,
жазушы. Халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының лауреаты.

● ОРТАЛЫҚ ЖҰМЫСЫ

Алатау қаласының Арна шағынауданында Алатау қаласының Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы жұмыс істейді. Орталықтың негізгі мақсаты — аға буын өкілдерінің денсаулығын нығайтуға, белсенді өмір салтын ұстануына, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және бос уақыттарын тиімді өткізуіне жағдай жасау.

БЕЛСЕНДІ ӨМІР САЛТЫН ҰСТАНУДА



Орталықта егде жастағы азаматтардың өмір сапасын жақсартуға, дене және ой белсенділігін сақтауға, жаңа достар табуына және қоғам өміріне белсене араласуына бағытталған түрлі үйірмелер мен сабақтар ұйымдастырылған.

Орталыққа келушілер йога, цигун, емдік дене шынықтыру (ЕДШ), шахмат, есте сақтау қабілетін дамыту, IT бағдарламасы, психологиялық қолдау және еңбек терапиясы сабақтарына қатыса алады.

Денсаулық пен қозғалыс — белсенді өмірдің негізі. Йога, цигун және емдік дене шынықтыру сабақтары дене қимылын жақсартуға, икемділікті, тепе-теңдікті сақтауға және жалпы көңіл күйді көтеруге көмектеседі.

Зияткерлік дамуға да ерекше көңіл бөлінеді. Есте сақтау қабілетін дамыту сабақтары зейін мен ойлау қабілетін жаттықтыруға бағытталған. Шахмат ойыны логикалық ойлауды дамытып, стратегиялық шешім қабылдау дағдыларын жетілдіреді. Ал IT бағдарламасы қатысушыларға заманауи цифрлық технологияларды меңгеруге, электрондық қызметтерді пайдалануды үйренуге және цифрлық ортада еркін бағдарлануға мүмкіндік береді.

Еңбек терапиясы қатысушылардың практикалық дағдыларын жетілдіруге, шығармашылық қабілеттерін ашуға және пайдалы іспен айналысуына ықпал етеді.

Өнер мен мәдениетке қызығатын жандар үшін вокал, хор және хореография сабақтары ұйымдастырылған. Ән айту, би билеу және музыкамен айналысу жағымды эмоциялар сыйлап, шығармашылық қабілетті дамытуға және адамдар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтуға көмектеседі.

Орталық жұмысындағы маңызды бағыттардың бірі — психологиялық қолдау. Мамандармен кеңесу, жылы қарым-қатынас жасау және өзара пікір алмасу қатысушылардың көңіл күйін жақсартуға, өзіне деген сенімділігін арттыруға және жан дүниесінің тепе-теңдігін сақтауға мүмкіндік береді.

Алатау қаласының Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының кеңесшісі Айнұр Құрманова келушілерге ақпараттық-кеңестік қолдау көрсетіп, орталықтың қызмет бағыттарымен танысуына және қызығушылықтарына сәйкес сабақтарды таңдауына көмектеседі.

Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы жай ғана сабақ өткізетін орын емес. Бұл — адамдар бір-бірімен араласып, тәжірибе бөлісіп, жаңа достар тауып, өз қабілеттерін дамытатын орта. Мұнда әрбір қатысушы өзін қоғамның маңызды мүшесі ретінде сезініп, өмірге деген қызығушылығын арттыра алады.

Белсенді ұзақ өмір сүру — денсаулық, қозғалыс, шығармашылық және жылы қарым-қатынас. Орталықтың қызметі жас ерекшелігіне қарамастан, адамның үнемі дамуға, үйренуге және жаңа жетістіктерге ұмтылуына мүмкіндік бар екенін көрсетеді.

Айнұр ҚҰРМАНОВА,
Алатау қаласының белсенді ұзақ өмір сүру орталығының кеңесшісі.

● ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ

Ұлттық құндылық дәріптелді

Қыркүйек айының соңғы күндерінің бірінде Талғар ауданы Тұздыбастау ауылының Мәдениет үйінде Тұздыбастау ауылдық округі «Аналар кеңесінің» ұйымдастыруымен «Еліне азамат дайындаған отбасы» атты отбасылық кездесу шарасы өтті.



Оған қонақтар, мектеп оқушылары және олардың ата-аналары, ауыл тұрғындары қатысты. Бұл шараның алға қойған мақсаты отбасы тәрбиесін насихаттау, ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу болып табылды.

Таныстыру кезеңінде әр отбасы өз шаңырағының ерекшелігін, отбасылық дәстүрін және бала тәрбиесіндегі ұстанымын, балаларының жетістіктерін қысқаша айтып берді.



Шараға негізінен үш отбасы қатысуы жоспарланғанымен бір жанұя белгілі себептермен қатыса алмады. Отбасылар кездесуіне қатысқан алғашқы отбасы жеке кәсіпкер Асқар Тапиев пен ұстаз, Әл-Фараби атындағы №31 жалпы білім беретін орта мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, «Алтын алқа» иегері Гүлнәр Мұсырманқұлованың спортшылар отбасы болса, екінші қатысқан жеке кәсіпкер Александр Ким мен Әл-Фараби атындағы №31 жалпы білім беретін орта мектептің бейнелеу пәнінің мұғалімі, мектеп оркестрінің қобызшысы Жазира Сүлейменованың суретшілер отбасы болды.

Бұл кездесудің сынағы «Таныстыру», «Отбасы – тәрбие бесігі», «Білімді ұрпақ – ел болашағы», «Өнерлі отбасы» және «Мен елімнің азаматымын» секілді бес кезеңнен тұрды.

«Отбасы-тәрбие бесігі» кезеңінде өздерінің қалауы бойынша ұлттық дәстүрі бар видеобейне көрсетті және сурет салды.

Білімді ұрпақ – мемлекеттің ең үлкен байлығы. Ендігі «Білімді ұрпақ – ел болашағы» кезеңінде ата-ана мен бала жұптасып, білімдерін сынады. Ата-ана мен балаға бірге орындалатын қызықты сұрақтар қойылса, «Өнерлі отбасы» кезеңінде отбасылар өздерінің өнерлерін ортаға салды.

Байқаудың «Мен елімнің азаматымын» атты соңғы кезеңі болашаққа арналған ойға арналып, әр бала өз елінің болашағына қандай үлес қосқысы келетінін айтып, арманымен, ойымен бөлісті.

Сынақ кезеңдерінің арасын Тұздыбастау Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары билеген билері мен шырқаған әндерімен жалғап тұрды.

Шараға қатысқан ата-аналар балаларына жай ғана қолдау көрсеткен жоқ, оларға отбасының, еңбектің, бірліктің және Отанға деген сүйіспеншіліктің маңызын көрсетті десек те болады. Сөз кезегін алған Алматы облысы «Аналар кеңесінің» төрайымы Гүлнәр Жошыбаева, Талғар аудандық «Аналар кеңесінің» төрайымы Айтжамал Нұрбатырова бүгінгі шараның ұлттық салт-сананы, тәрбиені насихаттауда, ұлттық кодты сақтаудағы маңыздылығына мән берді.

Шара соңында кездесуге қатысып, отбасы құндылықтарын дәріптеген ата-аналарға арнайы тағайындалған сый-сыяпаттар табыс етілді.

Алтынбай ШӘКЕНҰЛЫ.
Тұздыбастау ауылы.
Талғар ауданы.

● ЖЕНЩИНЫ НАШЕГО СЕЛА

«Ой вы, кони, вы кони стальные...»

Какие времена, такие и песни. Люди старшего поколения, чья молодость пришлась на 1950–1960-е годы, хорошо помнят советский «Марш трактористов» на стихи Василия Лебедева-Кумача. В нём звучат такие строки: «Ой вы, кони, вы кони стальные, боевые друзья - трактора! Веселее гудите, родные - нам в поход отправляться пора!» Для жительницы нашего села Бисановой эта песня тоже стала своеобразным гимном, ведь в юности она выбрала совсем не женскую профессию - тракториста.



К слову, у нашей героини редкое имя - Жамайка, созвучное с песней «Джамайка» (Jamaica), с которой в 1960 году прославился юный итальянский певец Робертино Лоретти. В СССР она пользовалась огромной популярностью, а пластинки с записями певца расходились миллионными тиражами. Видимо, под впечатлением от этой композиции родители и назвали так свою дочь.

Как же наша героиня решилась сесть на «железного коня»?



- Я с детства росла пацанкой, не любила домашнюю работу: уборку, мытьё посуды. Мне больше нравилось трудиться на свежем воздухе, на подворье, ухаживать за скотиной. А пойти в трактористы меня уговорил одноклассник - он же и научил водить технику. Мне понравилось, - делится воспоминаниями Жамайка.

С 1990-го по 1995 год она трудилась в совхозе на тракторах МТЗ-80 и ЮМЗ на самых разных участках производства: занималась пахотой, культивацией, севом, перевозкой сена и силоса для молочно-товарной фермы. Словом, куда направлял бригадир, туда и ехала. Её супруг Жумабай в те годы работал водителем пожарной машины.

Жамайка трудилась на совесть. Одно время её, как передовика производства даже рекомендовали в депутаты районного маслихата. Однако затем она ушла в декретный отпуск, а в стране наступили непростые времена перехода к рыночной экономике: объявили купонную приватизацию, и хозяйство постепенно начало приходить в упадок. Так и завершилась её карьера трактористки.

Однако даже сейчас, спустя десятилетия, при виде трактора у Жамайки загораются глаза и вспыхивает заветное желание: «Эх, сесть бы, как в молодости, за баранку «железного коня» и толкнуть ручку газа до упора от себя!»

Но жизнь распорядилась иначе. Жамайка полностью посвятила себя семье: у неё шестеро детей и шестеро внуков. Она и сегодня во всём помогает детям, берёт на себя заботу о младшем поколении - отводит внуков в школу, на секции и кружки. В этом и проявляется искренняя любовь бабушки.

Недаром польскому учёному-иммунологу Людвику Хиршфельду приписывают мудрые слова: «Дети бывают плохими или хорошими, но внуки всегда изумительны».

Галина Игибаева,
жительница микрорайона
Жана Арна, г. Алатау

● АУЫЗСУ МӘСЕЛЕСІ

Екі жоба жүзеге асырылады

Қонаев қаласында «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында ауыз су және кәріз желілерін жаңғыртуға бағытталған екі ірі жоба жүзеге асырылады. Жобаларға Үкімет резервінен жалпы 1 млрд 689 млн теңге бөлінді. Жобаларды жыл соңына дейін аяқтау көзделген.



Бірінші жоба С.Нұрмағанбетов көшесіндегі құдықтан Шошқалы сай арқылы №4 кәріз-сорғы станциясына дейінгі кәріз желісін жаңғыртуды қамтиды. Жобаның құны-1 млрд 246 млн теңге. Жұмыстарды «Байсын-А» ЖШС жүргізеді. Жаңғырту барысында жалпы ұзындығы 4 068 метр кәріз желісі ауыстырылып, диаметрі 150-ден 400 мм-ге дейінгі құбырлар жаңартылады. Сонымен қатар 157 кәріз құдығын жаңарту жоспарланған.

Екінші жоба Алматы және С.Сейфуллин көшелеріндегі ауыз су желілерін жаңғыртуға бағытталған. Құрылысқа 443 млн теңге қарастырылған. Мердігер ұйым- «АГС-ПЛАСТ» ЖШС. Жоспар бойынша диаметрі 500 мм болатын 4 477 метр ауыз су желісі ауыстырылады.

«Желілердің пайдалану мерзімі 58-60 жылға жетті. Олардың тозуы апаттық жағдайлардың туындау қаупін арттырып отыр. Сондықтан Ұлттық жоба аясындағы бұл жұмыстар қала үшін өте маңызды. Желілердің жаңартылуы коммуналдық инфрақұрылымның сенімділігін арттырып, тұрғындарға көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді»,-деді ШЖҚ «Қонаев Су Арнасы» МКК директоры Берік Жамбылов.

Өз тілшіміз.

● КЕШЕГІ КӨЗ КӨРГЕНДЕР

Адам өмірге адам болып келген соң қасындағы замандастарынан үлгі алып, адамға тән іс қылып, өмірден өз орнын табуға тырысады. Мен де жүріп келе жатқан ғұмыр жолымда бірге еңбектес болған замандастарымның игілікті, өнегелі істерін темірқазық жұлдыз етіп, солардай болам деп, алдыма адами айқын мақсат қойған едім. Кейінгілерге ғибрат болсын деп сол жолдарыммен бөлісуді, бірге еңбектес болған жандарды еске алуды жөн көрдім.

Еске алуды парызым санадым

Күнде таңда тұрып, өзімнің адам екенімді, әйел-ана екенімді еске алудан жаңылмадым. Бүгінгі күнге жеткенім өзімнің амандығым-отбасымның амандығы, отбасымның амандығы-әулетімнің амандығы, әрісі Отанымның амандығы екенін ұмытпауымнан шығар сірә. Бұл ойымның, алдағы күнге деген бұл сенімімнің бекер еместігін уақыт дәлелдеп көрсетті.

Расында да Отанның отбасынан басталатынын күніне сан рет ойлаған адам, өзін өмірдің сор балшығынан алып шығатынына өз басым кәміл сенемін. Өзіммен бірге айналамдағы ет жақындарымды, перзенттерімді сондай бір тығырықтан алып шығуға барымды салдым десем де болады.

Мұндайда маған ерік-жігер берген еңбек еді. Еңбектену арқылы, сол еңбектің маңайындағы үлгі болған қайраткер тұлғалар арқылы көп нәрсені ұға түстім, тәжірибе жинадым. Сондықтан үлкен өмірге қадам басуымды мен тек еңбегіммен тығыз байланыстырамын. Ұлтымызда «Көре-көре көсем, сөйлей-сөйлей шешен боласың» деген сөз бар. Сол сөз текке айтылмаса керек. Бұған менің көзім іс жүзінде жетті десем, артық айтқандығым емес.

Кеген ауданында қызмет еткен жылдарымда аудан басшылары Нұрғазиев Үмбетжан, Серкебаев Сәдуақас, Мыңбаев Зиядин, Иманқұлов Әбдіманап, Игібаев Өміржан, Мамбетов Болат, Құрмантаев Шайқып, Ұлдарбеков Босатқан, Оразаев Совет сынды аға буын өкілдері, өмірден көргендері мен алғандары мол, тәжірибелері мен ұлағатты сөздері жетерлік, сабырлы мінезді азаматтар еңбек жолымда кездеспесе, маған сенім білдірмесе, мен білікті басшы болып қалыптаспас едім-ау деп ойлаймын.

Аудандық партия комитетінің үгіт-насихат, одан кейін ұйымдастыру бөлімдерінде нұсқаушы болып 1974-1980 жылдар аралығында жұмыс істедім. Сол жылдары ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Әуесбаев Макен, үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Байназаров Ауғанбай, нұсқаушылар Мұстафин Нұрақын, Мәсімбаев Бақтыбай, Қашқынбаев Ораз, Манасұров Сәкен, Қанайбеков Бектұрсын, Жұмәділов Әкітай, партиялық есеп секторының меңгерушілері Тұрғынбаева Гүлбану, Тұрсынқұлова Хадиша, Қозбағарова Тұраш, жалпы бөлім меңгерушілері Құттығожаев Нұрпейіс, Ақшалов Ғани, тағы басқа аттары аталмаған білікті де білімді, адал, іскер, мәдениетті, әр ісіне жауапкершілікпен қарай білетін белсенді қызметкерлермен бір ұйымда әріптес болғанымды мақтанышпен еске аламын.

Осынау жылдарда үлкен өмір мектебінен өттім. Жоғарыда есімдері аталған азаматтардың әрқайсысы-мен үшін үлкен қайталанбас тұлға. Осы азаматтардың ақыл-кеңестерін тыңдап, көмектеріне арқа сүйеп, жұмысыма ысылдым. Қызмет барысында істің байыбына қарай талап қоюды, мұқият тексеруді, құжаттарды рәсімдеуді егжей-тегжейлі үйрендім. Әсіресе, Манасұров Сәкен ағамыз жазуда, сөйлеуде, пікір алмасуда өте білімдар жан еді. Мерзімді әдеби, саяси-қоғамдық басылымдарды үзбей оқып, сараптама жасап, пікірін білдіруге келгенде алдына жан салмайтын. Бұқабаев Амангелді ағамыз да өте зерек, жан-жақты, ой-өрісі кең, білімді тұлға еді. Екеуі де мінезге бай, ерекше жаратылған, кең пейілді, ақ көңіл жандар болатын. Екеуі «қайтыс болды» деп естіген сәтте көңілім босап, жүрегім сыздады, «келмеске кетті» дегенге сене алмадым. Жақсы адам, шынында да өте жақсы адамдар болды, жандары жәннатта болсын.

Өр тұлғалы, өнегелі әріптес болып, өзіме туған қарындасындай ақылын айтып, қамқорлық жасаған, құрметпен қараған Ауғанбай Байназаров, Ораз Қашқынбаев, Бақтыбай Масимбаев, Бақыт Момбекбаев, Әкітай Жұмәділов, Нұрпейіс Құттығожаев, Мәкен Әуесбаев, Бектұрсын Қанайбеков сынды абзал азаматтар, әкпемдей болған, ауданда атқарған істерінің іздері қалған Гүлбану Тұрғынбаева бүгінде өмірден озып кетсе де, жүрек төрінде олардың есімдері менің де, басқа да көз көргендердің жадында сақталғаны анық. Осынау игі жақсы жандардың артында қалған ұрпақтарына Алла ұзақ ғұмыр берсін деп тілеймін. Тектілердің артында текті ұрпақтардың қалғанына сенімім зор. Ауданда бірге қызмет істеген аптал азамат, елімнің ардақты ұл-қыздарын еске алып қоюды парызым деп санадым. Алла разы болсын.

Тұрсынгүл МҰҚАНҚЫЗЫ,
еңбек ардагері.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Вакцина не үшін керек?

Вакцина – жұқпалы аурулардың алдын алудың тиімді әрі ғылыми дәлелденген әдісі. Ол адамның иммундық жүйесін нығайтып, қауіпті инфекциялардан қорғайды.

1. Вакцина иммунитет қалыптастырады

Вакцина құрамындағы әлсіретілген немесе инактивтелген микроорганизмдер ағзаға енгізілгенде, иммундық жүйе оларды таниды да, қорғаныс антиденелерін түзеді. Нәтижесінде адам кейін сол инфекциямен кездесссе, ағза дайын иммунитеттің арқасында ауруды қабылдамайды немесе жеңіл өткізеді.

2. Қауіпті аурулардан қорғайды

Вакцинаның арқасында бұрын кең таралған көкжөтел, дифтерия, қызылша, полиомиелит, сіреспе сияқты аурулар азайды. Бұл инфекциялар екпесіз жағдайда ауыр асқынулар мен өлімге әкелуі мүмкін.

3. Ұжымдық иммунитет қалыптастырады

Халықтың 95%-ы вакцинацияланған кезде инфекцияның таралуы тоқтап, екпе ала алмайтын топтар — жас сәбилер, жүкті әйелдер, иммундық жүйесі әлсіз адамдар қорғалады. Бұл – бүкіл қоғам үшін аса маңызды.

4. Аурудың асқынуы мен шығынын азайтады

Вакцина адамның денсаулығын сақтап қана қоймай, ауруханаға жату, емделу шығындарын азайтады. Ең бастысы – еңбекке қабілеттілікті сақтау арқылы әлеуметтік-экономикалық пайда береді.

5. Эпидемияның алдын алады

Тұрақты вакцинация жүргізілген елдерде инфекциялық аурулар сирек кездеседі, эпидемиялық жағдай тұрақты болады. Бұл қадам балалардың, мұғалімдердің, медицина қызметкерлерінің және жалпы халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Вакцинация – адам денсаулығын қорғаудың және жұқпалы аурулардың алдын алудың маңызды жолы. Сондықтан екпені уақытылы алу әр адамның өз денсаулығына және қоғам алдындағы жауапкершілігі болып табылады.

Н. МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитариялық–эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы

Қонақ үй қызметтерін көрсететін объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

Қонақ үйлер – тәулік бойы қызмет көрсететін қоғамдық орындар. Сондықтан оларда санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау қонақтардың денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін өте маңызды.

Қонақ үй ғимараты санитариялық нормаларға сай болуы керек. Бөлмелерде желдету, жарықтандыру, таза ауыз су және ыстық су жүйелері дұрыс жұмыс істеуі қажет. Сонымен қатар өрт қауіпсіздігі мен эвакуациялық шығуларға ерекше көңіл бөлінуі тиіс.

Қонақ бөлмелері, дәліздер, холлдар және санитариялық тораптар күнделікті тазаланады. Төсек-орын мен сүлгілер уақытылы ауыстырылып, әр қонақтан кейін бөлмеге ылғалды тазалау және желдету жүргізіледі.

Егер қонақ үйде асхана немесе мейрамхана болса, онда тағам дайындау, сақтау және ұсыну санитариялық талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы қажет. Қызметкерлер медициналық тексеруден өтіп, жеке гигиена ережелерін сақтауы тиіс.

Сондай-ақ қонақ үйлерде зиянкестерге қарсы дезинсекция және дератизация жұмыстары жүргізіліп, санитариялық жағдай тұрақты бақылануы керек.

Қонақ үйлерде санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау – қонақтардың денсаулығын қорғаудың, сапалы қызмет көрсетудің және қауіпсіз әрі жайлы орта қалыптастырудың негізгі кепілі.

АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы»
Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сиқымбек
Тел.: 8 705 965 3661
Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.

«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 4327
Тапсырыс №2643
Индексі – 65472.